Әділет

# Ю.А. Гагарин атындағы ғарышкерлер даярлайтын Ресей мемлекеттік ғылыми-зерттеу сынақ орталығында Қазақстан Республикасының сынаушы- ғарышкерлерін даярлауға байланысты шығыс нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 қыркүйектегі N 919 Қаулысы

Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлерін даярлау кезіндегі шығыстарға байланысты мәселелерді реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ю.А.Гагарин атындағы ғарышкерлер даярлайтын Ресей мемлекеттік ғылыми-зерттеу сынақ орталығында Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлерін даярлауға байланысты шығыс нормалары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 қыркүйектегі N 919 қаулысымен бекітілген

## Ю.А. Гагарин атындағы ғарышкерлер даярлайтын Ресей мемлекеттік ғылыми-зерттеу сынақ орталығында Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлерін даярлауға байланысты шығыс нормалары

Ескерту. Шығыс нормаларына өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.07.2008 N 728 қаулысымен (01.01.2008 бастап қолданысқа енгізіледі).

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Сынаушы-ғарышкердің ай сайынғы стипендиясы | 1500 АҚШ долларына баламалы сома |
| 2. | Сынаушы-ғарышкердің отбасымен тұруы үшін тұрғын үйді (жеке пәтерді) жалға алу ақысы | Іс жүзіндегі шығыстар бойынша (бірақ айына 2000 АҚШ долларына баламалы сомадан аспайды) |
| 3. | Ресей Федерациясынан тысқары жерлерде қысқа мерзімді іссапарларда болатын сынаушы | |

-ғарышкерлерге тұрғын үй-жайды жалға алу бойынша шығыстарын төлеу (тәулігіне бір адамға):

а) АҚШ-та 260 АҚШ долларына баламалы сомадан аспайды

б) Германияда 200 Евроға баламалы сомадан аспайды

с) Украинада 100 АҚШ долларына баламалы сомадан аспайды

д) Қазақстанда 100 АҚШ долларына баламалы сомадан аспайды

4. Ресей Федерациясы шегінде қысқа мерзімді іссапарларда болатын сынаушы-ғарышкерлерге тұрғын үй-жайды жалға алу бойынша шығыстарын төлеу (тәулігіне бір адамға) 550 ресей рубліне баламалы сомадан аспайды

5. Ресей Федерациясынан тысқары жерлерде қысқа мерзімді іссапарларда болатын сынаушы-ғарышкерлерге тәуліктік шығыстарын өтеу нормалары:

а) АҚШ-та 72 АҚШ долларына баламалы сомада

б) Германияда 65 Евроға баламалы сомада

с) Украинада 53 АҚШ долларына баламалы сомада

д) Қазақстанда 55 АҚШ долларына баламалы сомада

6. Ресей Федерациясы шегінде қысқа мерзімді іссапарларда болатын сынаушы-ғарышкерлергө тәуліктік шығыстарын өтеу нормалары 100 ресей рубліне баламалы сомада

7. Медицина мамандары әзірлеген рационға сәйкес арнайы тағамға арналған тәуліктік шығыстар нормалары (жұмыс күндерінде) 28 АҚШ долларына баламалы сомада

а) таңертеңгілік ас 9 АҚШ долларына баламалы сомада

| | |
|---|---|
| б) түскі ас | 10 АҚШ долларына баламалы сомада |
| в) кешкі ас | 9 АҚШ долларына баламалы сомада |
| 8. Арнайы жаттығулар үшін жеке арнайы киім және аяқ киім сатып алуға арналған шығыстар нормалары | Іс жүзіндегі шығыстар бойынша (бірақ Ресей Федерациясының сынаушы-ғарышкерлері үшін белгіленген нормалардан аспайды) |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК